

БІЛІМ БЕРУГЕ КІРІСПЕ

Арнайы білім беруге сұраныстың
тарихы: білім алушыларды
категорияға бөлу





Арнайы білім беруге сұраныстың тарихы: білім алушыларды категорияға бөлу

Мүгедектік модельдері

Мүгедектіктің медициналық моделі «проблеманы» анықтап, қажетті «ем-дом» жасап, жеке адамдарға арналған емдеу немесе іс-шаралар стратегиясын жасауға бағытталған.

Мүгедектіктің әлеуметтік үлгісі назарды жеке адамнан қоғамға көбірек аударуды көздейді. Бұл модель бойынша, біз қоғамның өзіне сұрақ қойып, зерттеп, оны өзгертуге тырысуымыз қажет. Мүгедектік пен ерекше білім беру қажеттілігінің бүкіл тұжырымдамасы қазіргі кезде белгілі бір адамдар мен азшылық топтарды анықтайтын, таңбалайтын және оқшаулайтын әлеуметтік процестер нәтижесі ретінде қарастырылып жүр.

Арнайы білім беру ісінің дамуы

Индустрияландыру барысында барлық балаға білім беру керек деген шешім қабылданғанды. Кейбір кемістіктер, айталық, зағиптық бірқатар мектеп-интернаттың ашылуына мұрындық болғанымен, олар қаржылық тұрғыдан қайырымдылыққа негізделгендіктен, дамып келе жатқан жаңа білім беру жүйесіне қатысты мәселелерді шешуге дәрменсіз болды. Бірқатар комитеттер мен заңнамалар (1889 жылғы Эгертон комиссиясы; 1893 жылғы Білім беру туралы заң; 1898 жылғы Шарп комиссиясы; 1899 жылғы Білім туралы заң) енді осы «ерекше» балаларды оқытуға көңіл бөліп, Форстер заңына сәйкес құрылған жергілікті кеңестер басқара алатын, жеке, арнайы мектептер құруды ұсынды. Осылайша, салыстырмалы қысқа уақыт ішінде балаларды түрлі топтарға жіктеу үдерісі жүзеге асырылып, соның нәтижесінде балаларды енді бірнеше мекемелерге бөліп оқыта бастады.

Білім беру туралы 1944 жылғы заң барлық балаға олардың жасына, дағдысы мен қабілетіне сай бірегей білім беру керектігін атап көрсетті. Жергілікті білім беру кеңестерінің орнын басқан жергілікті өзіндік басқару ұйымдарына ақыл-ой тежелулері және дене кемістігі бар балаларды арнайы мектептерге орналастыру немесе орта мектептерді маман-мұғалімдермен қамтамасыз ету жауапкершілігі жүктелді. Заң мүгедектікке байланысты 11 топты анықтады: соқырлар, нашар көретіндер, саңыраулар, нашар еститіндер, әлсіздер, диабетке шалдыққандар, білім алуға шала қабілеттілер, эпилептиктер, дене кемістігі және сөйлеу мүкістігі бар балалар.

Тестілеу мен оқшаулаудан бас тарту

Уақыт өте келе қоғам, мектепке жасындағы балаларды жіктеп, оқшаулауды әділетсіздік деп тауып, 1960 жылдарға қарай бұл құбылысқа деген көзқарас түбегейлі өзгере бастады. Психометриялық тестілеуге деген күмән күшейіп, интеллект тұрақты, оны өзгертуге болмайды деген сенімнің қате екені дәлелденді. «Жалпы білім беретін» мектептерде орын алған өзгерістерден соң бірнеше жыл өтіп, оқушыларды әртүрлі мектептерге бөлетін емтиханнан түбегейлі бас тартқаннан кейін және 1960 жылдардың соңы, 1970 жылдардың бас кезінде жалпы білім беретін мектептердің пайда болуына байланысты арнайы білім беру мектептеріндегі жағдайды тексеретін Уорнок комитеті құрылды. Ол комитет арнайы инклюзивті білім беру мәселелерімен айналысты.

Қазақстандағы инклюзивті білім беру.

2015 жылғы мәліметтер бойынша (Қазақстан республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері, 2015), туылғаннан 18 жасқа дейінгі 141 952 мүмкіндіктері шектеулі балалар немесе жалпы бала санының 2,8%-ы анықталған. Оның ішінде мектеп жасында - 94 266 бала. Қазіргі уақытта мүмкіндіктері шектеулі балаларды инклюзивті оқыту үшін мектептердің 30,5% -де жағдай жасалған. Жоғары оқу орындарындағы мүмкіндіктері шектеулі студенттер саны 570 делінеді. Жоғары білім алуға мүгедектердің құқығын қамтамасыз ету бойынша ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы №26 қаулысына сәйкес жоғары оқу орнына қабылдау квотасы бекітілген (2012 жылдан бастап мүгедектерге арналған квота көлемі 1%, бұрын – 0,5% болатын).

Қазіргі кезде Қазақстанда инклюзивті білім беру жүйесін құрудың белгілі бір модельдері мен жинақталған тәжірибесі бар. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру ісіндегі саясат халықаралық және ұлттық құқықтық актілерге сай жүргізіле бастады. Оларда инклюзивті білім



Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Арнайы білім беруге сұраныстың тарихы: білім алушыларды категорияға бөлу

алушылардың білім бағдарламаларына еш кедергісіз қол жеткізе алуы қадағаланған. Сонымен қатар, білім берудің осы түрін реттейтін бірқатар ведомстволық құжаттар да бекітілген. Білім және ғылым министрлігі «2015-2020 жылдарға Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім жүйесін дамытуға байланысты іс-шаралар кешені», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау шараларымен қамтамасыз ету жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтарды» және «ҚР инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін» бекітіп, айналымға енгізді. Инклюзивтілік принциптерін дамыту мақсатында, 2017 жылы, Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру саласын мониторингтеудің бірінші жүйесі әзірленіп жүзеге асты.

Қазақстандағы инклюзивті білім берудің стратегиялық бағыттары.

Мектепке дейінгі, жалпы орта, кәсіптік және қосымша білім беру жүйесінде өзгерістерді негізге ала отырып, мынадай стратегиялық бағыттар пайда болды: - инклюзивті білім беруді дамытуға арналған жағымды жағдайларды қамтамасыз ететін институционалдық ортаны жетілдіру; ерекше оқытуды қажет ететін адамдарға сапалы білім беретін кадрлар мен оқу бағдарламаларын жасау; мектепке дейінгі жастағы балаларға ерте бастан диагностика жасау және түзету-педагогикалық қолдау жүйесін дамыту; мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби-еңбекке даярлауға, әлеуметтендіруге қажетті жағдай туғызу; инклюзивті білім беруді дамытудың теориялық және әдістемелік мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу.

Терминдер

Инклюзивтілік - білім беру ісінде барлық балаларға бірдей қарым-қатынас жасалуы керек деген идеяға негізделген.

Мониторинг – құбылысты немесе процесстерді үнемі қадағалау немесе бақылау жүйесі.

Сұрақтар:

1. Мүгедектіктің қандай модельдері бар?
2. Ағылшын арнайы білім беру ісінің дамуы қалай жүрді?
3. Қазақстандағы инклюзивті білім беру ісі қалай дамуда?
4. Қазақстандағы инклюзивті білім берудің стратегиялық бағыттары қандай?